

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарын бекіту туралы" 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185" бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 877 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17549 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң

ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3 т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарын бекіту туралы" 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4771 тіркелген, 2007 жылғы 3 тамызда "Юридическая газета" № 118 (1321) газетасында жарияланған бұйрығына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ресми жариялау және эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 2 қазандагы
№ 877 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 23 мамырдағы
№ 185 бұйрығымен
бекітілді

Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары

1-тaraу. Жалпы ережелер

Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары (бұдан әрі - Үлгілік жоспар) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 акпандагы Заңының 20-бабы 5-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2-тaraу. Үлгілік жоспар

2. Үлгілік жоспар қаржылық есептілік элементтерін топтауға және құндық мәнде ағымдағы көрсетуге арналған.

3. Үлгілік жоспарда бухгалтерлік есептің синтетикалық шоттары осы Үлгілік жоспарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтімділігін азайту тәртібімен орналастырылған. Үлгілік жоспарда бухгалтерлік есеп шоттары нөмірлерінің төрт саны бар. Нөмірдің бірінші саны бөлімдерге тиістілігін, екіншісі - кіші бөлімдерге тиістілігін, үшіншісі - синтетикалық шоттардың топтарына тиістілігін көрсетеді, төртінші санды ұйым дербес анықтайды.

4. Операциялар мен оқиғалардың талдамалық есебін жүргізу тәртібін дара кәсіпкер немесе заңды тұлғаның лауазымды адамдары белгілейді, олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарға сәйкес дара кәсіпкердің немесе ұйымның қажеттіліктерін негізге ала отырып ағымдағы басшылықты және істерді жүргізуді жүзеге асырады.

3-тaraу. Үлгілік жоспардың бөлімдері

5. Үлгілік жоспар мынадай:

- 1 - бөлім - "Қысқа мерзімді активтер";
- 2 - бөлім - "Ұзақ мерзімді активтер";
- 3 - бөлім - "Қысқа мерзімді міндеттемелер";
- 4 - бөлім - "Ұзақ мерзімді міндеттемелер";

- 5 - бөлім - "Капитал мен резервтер";
- 6 - бөлім - "Кірістер";
- 7 - бөлім - "Шығыстар";
- 8 - бөлім - "Өндірістік есепке алу шоттары" бөлімдерін қамтиды

4-тaraу. "Қысқа мерзімді активтер" 1-бөлімінің шоттары

6. 1 "Қысқа мерзімді активтер" бөлімінің шоттары қысқа мерзімді ретінде жіктелетін ұйымның активтерін есепке алуға арналған.

7. "Қысқа мерзімді активтер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

- 1000 - "Ақша қаражаты";
- 1100 - "Қысқа мерзімді қаржы активтер";
- 1200 - "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек";
- 1300 - "Қорлар";
- 1400 - "Ағымдағы салық активтері";
- 1500 - "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер";
- 1600 - "Биологиялық активтер"
- 1700 - "Өзге қысқа мерзімді активтер".

8. 1000 - "Ақша қаражаты" кіші бөлімі ақша қаражатын есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1010 - "Кассадағы ақша қаражаты", онда кассадағы ұлттық және шетел валюталарымен ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1020 - "Жолдағы ақша қаражаты", онда жолдағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1030 - "Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты", онда ағымдағы банктік шоттардағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1040 - "Корреспонденттік шоттарындағы ақша қаражаты", онда корреспонденттік шоттардағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1050 - "Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты", онда жинақ шоттарындағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1060 - "Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты", онда кассадағы, ағымдағы, корреспонденттік және жинақ шоттарындағы пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты есепке алынады;

1070 - "Электрондық ақша қаражатын есепке алу", онда жүйеде электрондық ақша қаражаты есепке алынады;

1080 - "Өзге ақша қаражаты", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге ақша қаражаты есепке алынады;

1090 - "Ақшалай қаражаттың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда ақша қаражатының құнсыздануынан күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервтері есепке алынады.

9. 1100 - "Қысқа мерзімді қаржы активтер" кіші бөлімі қысқа мерзімді қаржы инвестицияларын есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1110 - "Қысқа мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда қысқа мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

1120 - "Қысқа мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда қысқа мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер;

1130 - "Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

1140 - "Туынды қаржы құралдар", онда туынды қаржы құралдар, онын ішінде енгізілген, есепке алынады;

1150 - "Алуға арналған қысқа мерзімді сыйақылар", онда мыналар:

акциялар (қатысу үлестері) бойынша есептелген дивидендтер;

қаржылық жалдау бойынша есептелген сыйақылар, берілген қарыздар, сатып алынған қаржы, инвестициялары сенімді басқару және өзге есептелген сыйақылар жөніндегі дебиторлық берешектің қозғалысына байланысты операциялар көрсетіледі;

1160 - "Өзге қысқа мерзімді қаржы активтер", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді қаржы активтер есепке алынады;

1170 - "Қысқа мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда қысқа мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

10. 1200 - "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" кіші бөлімі қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1210 - "Сатып алушылар мен тапсырышылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда бір жылға дейін мерзімі бар активтер және көрсетілген қызметтер үшін сатып алушылармен және тапсырышылармен есеп айырысу бойынша операциялар және сатып алушылар мен тапсырышылардың өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1220 - "Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда бір жылға дейін мерзімі бар іске асырылған активтер және көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар мен еншілес ұйымдардың өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1230 - "Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда бір жылға дейін мерзімі бар іске асырылған активтер және көрсетілген қызметтер үшін қауымдастырылған және бірлескен ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар және қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1240 - "Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда филиалдардың шоттарына ақша қаражатының түсіү және есептен шығуы жөніндегі операциялар және филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1250 - "Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда қызметкерлердің:

активтерді сатып алуға есеппен берілген ақша қаражаты, қызметтерге ақы төлеу, қызметтік іссапарлар мен басқалар;

қызметкерлерге берілген қарыздар бойынша қызметкерлердің дебиторлық берешегінің қозғалысына байланысты операциялар, сондай-ақ ұйымға қызметкер келтірген материалдық шығынды (кемшін шығу, талан-таражға салу, бұліну және басқалар) өтеу жөніндегі есеп айырысу және қызметкерлердің өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1260 - "Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", онда ағымдағы кезеңде операциялық және қаржылық жалдау бойынша ағымдағы жалдау төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстар есепке алынады;

1270 - "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген, бір жылға дейін мерзімі бар өзге дебиторлық берешек бойынша операциялар көрсетіледі, мысалы, алынған вексельдер бойынша, сактандыру ұйымдарына сактандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша берешек;

1280 - "Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

11. 1300 - "Қорлар" кіші бөлімі қарапайым қызмет барысында сатуға арналған, немесе сату үшін өндіріс процесінде, немесе өндірістік процесте немесе қызметтер ұсыну кезінде пайдалануға арналған шикізат немесе материалдар нысанындағы активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1310 - "Шикізат және материалдар", онда өндірістік процесте одан әрі пайдалануға арналған шикізат және материалдар, оның ішінде ауыл шаруашылық шикізаттары мен материалдар есепке алынады;

1320 - "Дайын өнім", онда дайын, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімі есепке алынады;

1330 - "Тауарлар", онда тауарлардың, оның ішінде сатып алған және қайта сатуға сакталған ауыл шаруашылығы тауарларының қозғалысына байланысты операциялар көрсетіледі;

1340 - "Аяқталмаған өндіріс", онда аяқталмаған өндіріс бойынша шығындар есепке алынады;

1350 - "Өзге қорлар", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қорлар есепке алынады;

1360 - "Қорлардың құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резерві", онда қорлардың құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

1370 - "Қорларды қайтару құқығы бар актив", онда қүтілетін қайтарулар бөлігінде қорлардың өзіндік құны есепке алынады.

12. 1400 - "Ағымдағы салық активтері" кіші бөлімі бюджетпен есеп айырысу кезінде салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің артық төленген сомасын, сондай-ақ ұсынылған шот-фактуралар бойынша есепке алуға жататын қосылған құн салығының сомасын есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1410 - "Корпоративтік табыс салығы", онда бюджетке артық төленген корпоративтік табыс салығын көрсетуге байланысты операциялар, сондай-ақ корпоративтік табыс салығын төлеу бойынша аванстық төлемдер көрсетіледі;

1420 - "Қосылған құн салығы", онда есепке алуға жататын, оның ішінде салық заңнамасына сәйкес өтеуге жататын қосылған құн салығы, сондай-ақ бюджетке артық төленген қосылған құн салығы бойынша операциялар көрсетіледі;

1430 - "Өзге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер", онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге және (немесе) есепке алуға жататын өзге де салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер есепке алынады.

13. 1500 - "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер" кіші бөлімі, егер олардың теңгерімдік құны жалғастыратын пайдалану жолымен емес, негізінен сату есебінен өтелетін болса, сатуға арналған ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтерді есепке алуға арналған, бұл ретте сату ықтималдығы жоғары болып табылады.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1510 - "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер", онда сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер есепке алынады, мысалы сатуға дайындалған жабдық;

1520 - "Сатуға арналған істен шығатын топтар", онда сатуға арналған істен шығатын топтар есепке алынады, мысалы сатуға дайындалған жұмыс істейтін зауыт;

1530 - "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің (немесе істен шығатын топтардың) құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері", онда

сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің (немесе істен шығатын топтардың) құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

14. 1600 - "Биологиялық активтер" кіші бөлімі ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты биологиялық активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1610 - "Өсімдіктер";

1620 - "Жануарлар";

1630 - "Биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

15. 1700 - "Өзге қысқа мерзімді активтер" кіші бөлімі алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1710 - "Берілген қысқа мерзімді аванстар", онда активтерді жеткізу негізінде берілген, сондай-ақ есепті кезең ішінде тапсырысшылардан ішінара дайындығы бойынша қабылданған өнімдерге, қызметтерге ақы төлеу жөніндегі аванстар және өзге берілген қысқа мерзімді аванстар есепке алынады;

1720 - "Алдағы кезеңдердің шығыстары", онда есепті жылдың ішінде қазіргі кезеңде жүргізілген, бірақ алдағы кезеңдерге қатысты шығыстар (сақтандыру үйимдарына төленген сақтандыру сыйлықтары, жалдау ақысы және т.б.) есепке алынады;

1730 - "Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер", онда клиенттермен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер есепке алынады;

1740 - "Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері", онда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

1750 - "Өзге қысқа мерзімді активтер", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді активтер бойынша операциялар есепке алынады.

5-тaraу. "Ұзақ мерзімді активтер" 2-бөлімінің шоттары

16. 2 "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінің шоттары үйимдардың ұзақ мерзімді ретінде жіктелетін активтерін есепке алуға арналған.

2 "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

2000 - Ұзақ мерзімді қаржылық активтер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды;

2100 - "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек";

2200 - "Инвестициялар";

2300 - "Инвестициялық мұлік";

- 2400 - "Негізгі құралдар";
- 2500 - "Биологиялық активтер";
- 2600 - "Барлау және бағалау активтері";
- 2700 - "Материалдық емес активтер";
- 2800 - "Кейінге қалдырылған салықтық активтер";
- 2900 - "Өзге ұзақ мерзімді активтер".

17. 2000 - "Ұзақ мерзімді қаржылық активтер" кіші бөлімі ұзақ мерзімді қаржылық активтерді (үлестік қатысу әдісімен және бастапқы құны бойынша есептелетін инвестицияларды қоспағанда) және ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2010 - "Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

2020 - "Ұзақ мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда ұзақ мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

2030 - "Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

2040 - "Туынды қаржы құралдар", онда туынды қаржы құралдар, оның ішінде қондырылған, есепке алынады;

2050 - "Алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар", онда қаржылық жалдау, берілген қарыздар, сатып алынған қаржылық инвестициялар, сенімгерлік басқару бойынша есептелген сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің қозғалысымен байланысты операциялар және өзге де алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар көрсетіледі;

2060 - "Үлескерлік құралдар", онда басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған үлескерлік құралдар және пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған үлескерлік құралдар есепке алынады;

2070 - "Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген ұзақ мерзімді қаржы активтері есепке алынады;

2080 - "Ұзақ мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері", онда ұзақ мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын күтіліп отырған кредиттік залалдарды бағалау резервтері есепке алынады.

18. 2100 - "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" кіші бөлімі ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2110 - "Сатып алушылар мен тапсырысшылардың ұзақ мерзімді берешегі", онда сатылған активтер мен бір жылдан асатын мерзімде көрсетілген қызметтер үшін сатып алушылармен және тапсырысшылармен есеп айырысу бойынша операциялар көрсетіледі;

2120 - "Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі", онда сатылған активтер мен бір жылдан асатын мерзімде көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар және еншілес ұйымдардың өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешектері көрсетіледі;

2130 - "Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі", онда сатылған активтер мен бір жылдан асатын мерзімде көрсетілген қызметтер үшін қауымдастырылған және бірлескен ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар және бірлескен ұйымдардың өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешектері көрсетіледі;

2140 - "Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі", онда филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі есепке алынады;

2150 - "Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі", онда қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар бойынша қызметкерлердің дебиторлық берешегінің қозғалысымен байланысты операциялар, сондай-ақ қызметкердің ұйымға бір жылдан асатын мерзімде келтірген материалдық зиянды (кемшін шығу, ұрлау, бұлдіру және басқалар) өтеу жөніндегі есеп айырысу көрсетіледі;

2160 - "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек", онда қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек және жалдау бойынша өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек есепке алынады;

2170 - "Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша операциялар көрсетіледі, мысалы сактандыру ұйымдарына сактандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша алынған вексельдер бойынша ұзақ мерзімді берешек;

2180 - "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған залалға арналған бағалау резервтері", онда ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

19. 2200 - "Инвестициялар" кіші бөлімі үлестік қатысу әдісімен және бастапқы құнымен есепке алынатын инвестицияларды есепке алуға арналған.

2210 - "Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар", онда үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын үлескерлік құралдарға берілетін инвестициялар бойынша операциялар көрсетіледі;

2220 - "Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар", онда бастапқы құны бойынша есепке алынатын үлестік құралдардағы инвестициялар жөніндегі операциялар көрсетіледі;

2230 - "Инвестициялардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері", онда инвестициялардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

20. 2300 - "Инвестициялық мүлік" кіші бөлімі инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2310 - "Инвестициялық мүлік", онда инвестициялық мүлік есепке алынады;

2320 - "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің амортизациясы", онда инвестициялық жылжымайтын мүлік амортизациясының сомасы шоғырландырылады;

2330 - "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда инвестициялық мүліктің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервінің сомасы шоғырландырылады.

21. 2400 - "Негізгі құралдар" кіші бөлімі негізгі құралдарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2410 - "Негізгі құралдар", онда негізгі құралдар есепке алынады;

2420 - "Негізгі құралдардың амортизациясы", онда негізгі құралдар амортизациясының сомасы шоғырландырылады;

2430 - "Негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері", онда негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

2440 - "Активтерді пайдалану құқығы", онда негізгі құралды тану өлшемшарттарын қанағаттандыратын жалдау активтерін пайдалану құқығының құны көрсетіледі.

2450 - "Активтерді пайдалану құқығының амортизациясы", онда активтерді пайдалану құқығы амортизациясының құны шоғырландырылған;

2460 - "Активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері", онда активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

22. 2500 - "Биологиялық активтер" кіші бөлімі ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты биологиялық активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2510 - "Өсімдіктер";

2520 - "Жануарлар";

2530 - "Биологиялық активтердің амортизациясы", онда егер олардың әділ құнды бағалауга жатпаған жағдайда биологиялық активтердің амортизациясының сомасы шоғырландырылады;

2540 - "Биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

23. 2600 - "Барлау және бағалау активтері" кіші белімі минералдық ресурстарды барлау мен бағалауға дейінгі қызмет барысында, сондай-ақ минералдық ресурстарды өндірудің техникалық жағынан жүзеге асушылығы және коммерциялық орындылығы айқын болғаннан кейін шеккен шығыстарды қоспағанда минералдық ресурстарды барлау мен бағалауға арналған шығыстарды есепке алуға арналған.

Осы кіші белім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2610 - "Барлау және бағалау активтері", онда шығыстарды барлау және бағалау активтері ретінде танумен байланысты операциялар көрсетіледі.

2620 - "Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы", онда барлау және бағалау активтері амортизациясының сомасы шоғырландырылады;

2630 - "Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері", онда барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервінің сомасы шоғырландырылады.

24. 2700 - "Материалдық емес активтер" кіші белімі материалдық емес активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші белім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2710 - "Гудвилл", онда инвестициялық бабының бөлігі ретінде гудвиллдің болуына және қозғалысына байланысты операциялар көрсетіледі;

2720 - "Гудвиллдің құнсыздануы", онда құнсызданудан болуы мүмкін залалдар тұрғысынан тұрақты жүргізілетін тестілеу қорытындылары бойынша гудвиллдің құнсыздануын көрсету жөніндегі операциялар ескеріледі;

2730 - "Өзге материалдық емес активтер", онда сипаты және ұйымның қызметінде қолданылу жағынан ұқсас активтер тобы есепке алынады, мысалы:

тауарлық белгілер;

титулдық және баспа құқықтары;

компьютерлік бағдарламалық қамсыздандыру;

лицензиялар мен франшизалар;

өнеркәсіптік меншікке арналған авторлық құқықтар, патенттер және басқа құқықтар, көрсетілетін қызметтерге және пайдалануға арналған құқықтар;

рецептілер, формуалалар, модельдер, сызбалар және тәжірибелік үлгілер;

әзірлеу процесіндегі материалдық емес активтер;

2740 - "Өзге материалдық емес активтердің амортизациясы", онда материалдық емес активтер амортизациясының сомасы шоғырландырылады, бұл ретте пайдалы қолданудың анықталмаған мерзімі бар материалдық емес активтерге амортизация есептелмейді, ал жыл сайын құнсыздануға тест жүргізіледі;

2750 - "Өзге материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда өзге материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резервінің сомасы шоғырландырылады;

2760 - "Активтерді пайдалану құқығы", онда негізгі құралды тану өлшемшарттарын қанағаттандыратын жалдау активтерін пайдалану құқығының құны көрсетіледі.

2770 - "Активтерді пайдалану құқығының амортизациясы", онда активтерді пайдалану құқығы амортизациясының құны шоғырландырылған;

2780 - "Активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері", онда активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

25. 2800 - "Кейінге қалдырылған салықтық активтер" кіші бөлімі қалдырылған корпорациялық табыс салығын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

2810 - "Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер", онда мыналарға:

шегерілетін мезгілдік айырмаға,

алдағы кезеңге пайдаланылмаған салық залалдарын көшіруге;

алдағы кезеңге пайдаланылмаған салық кредиттерін көшіруге байланысты алдағы кезеңдерде өтеуге жататын пайдаға арналған салық сомасы есепке алынады.

26. 2900 - "Өзге ұзақ мерзімді активтер" кіші бөлімі алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2910 - "Берілген ұзақ мерзімді аванстар", мұнда активтерді беруге берілген, сондай-ақ тапсырысшылардан ішінара дайын өнімге, көрсетілетін қызметтерге мерзімі бір жылдан асатын аванстар және өзге берілген ұзақ мерзімді аванстар есепке алынады;

2920 - "Алдағы кезеңдердің шығыстары", мұнда қазіргі есепті кезеңде жүргізілген, бірақ алдағы есепті кезеңдерге жататын шығыстар есепке алынады;

2930 - "Аяқталмаған құрылыш", мұнда аяқталмаған құрылыш бойынша шығындар есепке алынады, мысалы:

негізгі құралдарды салуға байланысты;

келешекте жылжымайтын мұлікке инвестиция ретінде пайдалану болжанатын обьектінің құрылышымен байланысты шығындар;

2940 - "Шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша активтер есепке алынады;

2950 - "Шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

2960 - "Шарттар бойынша шығындар", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша шығындар есепке алынады;

2970 - "Шарттар бойынша шығындар амортизациясы", мұнда шарттар бойынша шығындар амортизациясының сомасы есепке алынады;

2980 - "Шарттар бойынша шығындардың құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві", мұнда шарттар бойынша шығындардың құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

2990 - "Өзге ұзақ мерзімді активтер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген ұзақ мерзімді активтердің өзге топтары есепке алынады.

6-тaraу. 3 "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары

27. 3 "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары қысқа мерзімді ретінде жіктелетін ұйым міндеттемелерін есепке алуға арналған.

3 "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

3000 - "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер";

3100 - "Салықтар бойынша міндеттемелер";

3200 - "Басқа да міндетті және еркін төлемдер бойынша міндеттемелер";

3300 - "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3400 - "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері";

3500 - "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер".

28. 3000 - "Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері" кіші бөлімі қысқа мерзімді кредиторлық берешекті алғып тастағанда, бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді қаржы міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3010 - "Амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер есепке алынады;

3020 - "Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер есепке алынады;

3030 - "Түйнды қаржы құралдары", мұнда түйнды қаржы құралдары, оның ішінде кіріктірілген қуралдар есепке алынады;

3040 - "Қатысуышылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда жарғылық капиталда үлесі бар қатысуышы занды тұлғаларға акциялар бойынша дивидендтерді және кірістерді есептеу және төлеу бойынша операциялар көрсетіледі;

3050 - "Төлемге қысқа мерзімді сыйақылар", мұнда алынған қарыздар, берілген вексельдер, эмиссияланған бағалы қағаздар және сенімгерлік басқару шарттары бойынша төлеуге есептелген сыйақылардың болуымен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге төлеуге қысқа мерзімді сыйақылар көрсетіледі;

3060 - "Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі", мұнда амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі есепке алынады;

3070 - "Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі", мұнда пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі есепке алынады;

3080 - "Өзге қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілген өзге қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері есепке алынады.

29. 3100 - "Салық бойынша міндеттемелер" кіші бөлімі ұйымның салық төлеу бойынша міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3110 - "Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы", мұнда төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы есепке алынады;

3120 - "Жеке табыс салығы", мұнда жеке табыс салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3130 - "Қосылған құн салығы", мұнда қосылған құн салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар есепке алынады;

3140 - "Акциздер", мұнда акциздерді есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3150 - "Әлеуметтік салық", мұнда әлеуметтік салықты есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3160 - "Жер салығы", мұнда жер салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3170 - "Көлік құралдары салығы", мұнда көлік құралдары салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3180 - "Мұлік салығы", мұнда мұлік салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3190 - "Өзге салықтар", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілген өзге салықтарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі.

30. 3200 - "Басқа міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер" кіші бөлімі салықтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленуі тиіс міндетті және ерікті төлемдерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3210 - "Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер", мұнда әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3220 - "Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер", мұнда зейнетақы аударымдарын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3230 - "Басқа міндettі төлемдер бойынша өзге міндettемелер", мұнда басқа міндettі төлемдер, мысалы алымдар, мемлекеттік баждар, төлемақылар бойынша аударымдарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3240 - "Басқа ерікті төлемдер бойынша өзге міндettемелер", мұнда басқа ерікті төлемдер бойынша аударымдарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі.

31. 3300 - "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі бір жылға дейінгі мерзіммен кредиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3310 - "Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылдан кем төлеу мерзімімен қорларды жеткізу немесе қайта өндеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, сатып алынған активтер мен алынған қызметтер үшін өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар жөнінде операциялар және өнім берушілер мен мердігерлерге өзге қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

3320 - "Еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен сатып алынған активтерге және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі операциялар және еншілес ұйымдарға өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек көрсетіледі;

3330 - "Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін қауымдастырылған және бірлескен ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі операциялар және қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға өзге қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

3340 - "Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда филиалдар және құрылымдық бөлімшелер шоттарына ақша қаражатының түсіүі және оны есептен шығару жөніндегі операциялар және филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек көрініс табады;

3350 - "Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек", мұнда қызметкерлер тиісті қызметтерді көрсеткен кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде толық көлемде төленуі тиіс қызметкерлерге сыйақылар (демалыс жәрдемақыларынан және үлескерлік құралдармен өтемақы төлемдерінен басқа) және еңбекақы төлеу бойынша өзге қысқа мерзімді берешектер есепке алынады;

3360 - "Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек", мұнда қысқа мерзімді жалдау бойынша жалдау міндettемелерін төлеумен байланысты операциялар және жалдау бойынша өзге қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

3370 - "Ұзак мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі", мұнда ұзак мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3380 - "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады.

32. 3400 - "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері" кіші бөлімі белгісіз уақытпен және сомамен міндеттемелер ретінде айқындалған қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3410 - "Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер", мұнда бір жылға дейінгі кепілдік мерзімімен өткізілген өнімдер мен көрсетілген қызметтер бойынша кепілдік міндеттемелер бойынша резервті құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелері көрсетіледі;

3420 - "Занды наразылықтар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер", мұнда қарау мерзімі бір жылға дейін ететін сот қуыннымдары бойынша резервті құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар және занды наразылықтар бойынша өзге қысқа мерзімді міндеттемелер көрсетіледі;

3430 - "Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері", мұнда қызметкерлерге ақы төленетін жұмыста болмауы нысанында қысқа мерзімді сыйақылар төлеуге күтілетін шығындар, сондай-ақ пайдаға қатысуға және сыйлықақы төлеуге күтілетін шығындар және қызметкерлерге сыйақылар бойынша өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері көрсетіледі;

3440 - "Өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері", мұнда шоттардың алдыңғы топтарында көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері есепке алынады.

33. 3500 - "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3510 - "Алынған қысқа мерзімді аванстар", мұнда тауарларды, шикізатты, материалдарды жеткізуге, қызметтер көрсетуге, сондай-ақ тапсырысшылар үшін ішінара дайындалып өндірілген өнімге ақы төлеу бойынша алынған аванстар және өзге алынған қысқа мерзімді аванстар есепке алынады;

3520 - "Алдағы кезеңдердің кірістері", мұнда ағымдағы айда алынған, бірақ есепті кезеңнің болашақ айларына жатқызылатын кірістер көрсетіледі;

3530 - "Сатуға арналған шығаруға топ міндеттемелері", мұнда сатуға арналған шығаруға топ міндеттемелері көрсетіледі;

3540 - "Шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер есепке алынады;

3550 - "Аралас қысқа мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы", мұнда біріктірілген қысқа мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы есепке алынады;

3560 - "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді міндеттемелер есепке алынады.

7-тарау. 4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары

34. 4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары ұзақ мерзімді ретінде жіктелетін ұйымдардың міндеттемелерін есепке алуға арналған.

4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

4000 - "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер";

4100 - "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек";

4200 - "Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері";

4300 - "Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер";

4400 - "Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер".

35. 4000 - "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" кіші бөлімі ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті қоспағанда, ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

4010 - "Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер есепке алынады;

4020 - "Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық міндеттемелер есепке алынады;

4030 - "Туынды қаржы құралдары", мұнда туынды қаржы құралдары, оның ішінде кіріктірілген қаржы құралдары есепке алынады;

4040 - "Қатысуышылардың дивидендтері және кірістері бойынша ұзақ мерзімді берешек", мұнда жарғылық капиталда үлесі бар занды тұлға қатысуышыларына акциялар бойынша дивидендтерді және кірістерді есептеу және төлеу бойынша операциялар көрсетіледі;

4050 - "Төлеуге ұзақ мерзімді сыйақылар", мұнда қаржылық жалға алу, алынған қарыздар, берілген вексельдер, эмиссияланған бағалы қағаздар мен сенімгерлік басқару шарттары бойынша төлеуге есептелген сыйақылардың болуымен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге де төлеуге ұзақ мерзімді сыйақылар көрсетіледі;

4060 - "Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қаржылық міндеттемелер есепке алынады.

36. 4100 - "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі бір жылдан асатын мерзіммен кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

4110 - "Өнім берушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылдан асатын төлеу мерзімімен қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, сатып алынған активтер мен пайдаланылған

қызметтер үшін өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша операциялар және өнім берушілер мен мердігерлерге өзге ұзақ мерзімді берешек көрсетіледі;

